

# БІЛІМ МЕН ӨНЕРДІҢ ОРДАСЫ

Қоғамның күші білімде болса, мәдениеттің өзегі өнерде екені белгілі. Жас ұрпақтың бойына сапалы біліммен бірге өнегелі өнер өрнегін дарытуда еліміздегі іргелі жоғары оқу орны — М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Педагогика және мәдениет» факультетінің орны ерекше. Мұнда осы бағыттағы түрлі мамандық иелерін даярлап қана қоймай, оларда халықпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыратын дәстүрлі тәжірибе бар.

Факультет құрамындағы «Мәдени-ғылыми жұмысы», «Қазақстан тарихы» (доцент С.Қарибаев), «Жалпы тарих, археология және география», «Музыкалық білім және хор», «Хореография», «Бейнелеу өнері және кескіндеме», «Жалпы педагогика және этнопедагогика», «Мәдениеттану, әлеуметтік жұмыс және музей ісі», «Режиссура және актерлік өнер» және «Дизайн және сәндік өнер» кафедралары өз саласына сәйкес бөсекеге қабілетті, білікті мамандар даярлайды.

Кафедралардағы ғылыми-зерттеу жұмыстары университеттің ҒЗЖ тақырыптық жоспарына сәйкес 13 бағытта жүргізіледі. Ғылыми әлеуеті жоғары деңгейдегі факультетте 22 ғылым докторы, 65 ғылым кандидаты, 42 магистр оқу-тәрбие жұмысын жүргізеді. Республикада және ТМД елдеріне белгілі А.Қалыбекова, И.Сихымбаев, Е.Омар, Т.Әлсатов сынды ғалым-педагогтар, педагогика ғылымдарының докторлары, профессорлардың, сондай-ақ тарих ғылымдарының докторы, профессор А.Исмаилов, Б.Сапарбаев, С.Әлібектің ғылыми мектептері қалыптасқан.

Көптеген профессор-оқытушылар — халықаралық және республикалық байқаулардың жүлдегерлері, ҚР «ЖОО-ның үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының, «ҚР мәдениет қайраткері» атағының иегерлері.

Оқытушылар қауымы шетелдік әріптестерімен тығыз байланыс орнатқан. Соның арқасында АҚШ, Испания, Алмания, Түркия, Чехия, Болгария, сонымен қатар Ресей Федерациясы, Украина, Қырғызстан, Әзірбайжан елдерінде өткен халықаралық ғылыми конференцияларда ғылыми баяндамалар жасауда.

Аталған факультеттің түлектері Қазақстанның барлық аймақтарында, жақын және алыс шетелдерде табысты еңбек етуде. Олардың арасынан Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген өнер қайраткерлері, еңбегі сіңген өртістер, халықаралық және республикалық өнер конкурстарының, фестивальдардың лауреаттары мен дипломанттары шықты. Атап айтсақ, белгілі өнер қайраткерлері Қазақстан Республикасы халық әртістері Е.Хасанғалиев, Н.Есқалиева, М.Жүнісова, З.Қастеева, Р.Қаланова, Ф.Жолымбетова, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген өртістер Э.Мальбеков, М.Омаров, Ж.Қарғабаев, М.Ильясов, Қазақстан Республикасы өнеріне еңбегі сіңген қайраткер, өйгілі «Тамаша» ойын-сауық отауының тұңғыш ұйымдастырушысы әрі режиссері, марқұм Л.Есенов, «Нұр-Мұқасан», «Жігіттер», тағы басқа топтар қазақ мәдениетінің өркендеуіне қомақты үлестерін қосты әрі қосып келеді.

Бүгінгі таңда факультеттің мультимедиялық комплекстермен қамтамасыз етілген дәрісханалары, ғылыми-оқу зертханалары, компьютерлік бөлмелері студенттердің сапалы да әлемлік деңгейде білім алуына жағдай туғызуда. Заман талаптарына сай автоматтандырылған, ғылыми кітапхананың электронды базасы бар. Интернет жүйесіне қосылған жаңа жұмыс орындары, WI-FI — бөрі-бөрі бүгінгі күнінің талаптарына сай. Факультеттің тұрақты оқу-тәжірибелік базалары жұмыс істейді. Студенттер жайлы жатақханамен қамтамасыз етіліп, спортпен шұғылдануға, демалу үшін барлық жағдайлар жасалған.

Қазақстан Республикасында жоғары білім беру ісі әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатында Болон дек-

ларациясының негізгі ұстанымдарына негізделген. Болон декларациясының негізгі ұстанымдарының бірі — оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығы және мобильдігі. Академиялық ұтқырлық жеке даму мен еңбекке орналасу мүмкіндігі үшін маңызды және ол жан-жақтылыққа, сыйластыққа тәрбиелейді, өзге мәдениеттерді игеруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыда факультетте академиялық сыртқы және ішкі ұтқырлық базасы қалыптастырылған.

Факультетте шетелдік жоғары оқу орындарымен халықаралық байланыс жолға қойылған. Қазіргі таңда шетелдік жоғары оқу орындарымен 11 келісімшартқа, ал қазақстандық жоғары оқу орындарымен 6 келісімшартқа қол қойылып, сол келісімшарттар талаптарына сәйкес нәтижелі жұмыстар жүргізілуде.

Біз Малайзия, Ресей, Англия, Түркия, Оңтүстік Корея мемлекеттерімен өріптестік қатынастамыз.

«Педагогика және мәдениет» факультетінің мақсаты — кәсіптік біліктілікке не және еліміз бен өңір көлемінде шығармашылық қызметті іске асыруға әлеуеті бар, бөсекеге қабілетті әрі көпдеңгейлі сапалы мамандарды даярлау.

Факультетіміздің негізгі құндылығы — құзырлы, кәсіби шеберлігі жоғары, педагогикалық жанашыл, шығармашыл, бастамашыл және өлемнің түкпір-түкпірінде өз біліктіліктерін көтерген профессор-оқытушы құрамы болып табылады.

Қазіргі таңда «Педагогика және мәдениет» факультетінің 9 кафедрасында 16 мамандық бойынша бакалаврлар, 12 мамандық бойынша ғылым магистрлері даярлануда.

Құрметті мектеп бітірушілер, факультетіміздегі мамандықтарға түсу емтихандары негізінен шығармашылық емтихандары болып табылады. Тарқатып айтсақ, біздегі мамандыққа түсу үшін ҰБТ-дан Қазақстан тарихы және қазақ тілінен (орыс бөліміндегілер үшін орыс тілі) алған бағдар ғана есептеледі. Қалған екі емтихан таңдаған мамандыққа сәйкес бейіміңізге қарай шығармашылық емтихан тапсырасыз. Бұл жағдайда сіздің мемлекеттік грант несі болуыңызға мүмкіндіктер мол. Бұл ҰБТ-дан 50 балдан өте алмаған, бірақ «екілік» баға алмағандар үшін де жарамды. Ол үшін сіздер 20 маусым мен 30 маусым аралығында өздеріңіз таңдаған жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына құжаттар тапсыруларыңыз керек. Өйткені, шығармашылық емтихандары 1-7 шілде аралығында өтеді.

Келешек мәдениет, өнер және педагог қызметкерлері ретінде факультеттен түлеп ұшқан мамандар халқымыздың өркендеп өсуіне, мемлекетіміздің дамуына өз үлестерін қосары сөзсіз. Осы мақсатта университетіміздің «Педагогика және мәдениет» факультетінің ұжымы қоғамдық мақсат-мүдде білгінен көрінуге барынша күш салуда.

Иә, береке, байлық — білімде! Білім — өмірдің даңғыл жолына айқындай түсетін шамшырақ.

Жас талапкер! Құрметті ата-ана! Сіздің төріңізге шамшырақтың сәулесі түссін десеңіз, мөңгілік Қазақ елінің жарқын болашағына үлес қосқыңыз келсе, осы факультетті тандаңыз!

Қ.ӘЖІБЕКОВ,  
факультет деканы, педагогика ғылымының  
докторы, доцент.